

К.К. Күркебаев^{1*} , Х.А. Ордабекова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Сулейман Демирел университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kenje69@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӘН МӘТІНДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасы саналатын дәстүрлі әндердің лингвомәдени бейнесі жан-жақты қарастырылады.

Қазақ халқының дәстүрлі ән мәтіндерінің мазмұнынан ұлы дала әуені мен қатпарлы тарихы, тұрмыс-тіршілігінің сан қилылығы, қоғамдық ой-санасы мен әлем бейнесін қабылдаудағы ділдік, этностық, лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктері көрініс береді.

Қазақ халқының дәстүрлі ән-жырлары мазмұндық-құрылымдық жүйесіне сәйкес ежелгі наным-сенімдерге байланысты туған әндер, тұрмыстық-шаруашылық пен кәсіпке байланысты туған әндер, тұрмыс-салт әндері ретінде топтастырылады.

Дәстүрлі қазақ әндеріндегі ән әуенінің өлең жолынан қысқалығын көрсететін ән мәтіндеріне лингвистикалық сараптама жасалады.

Қазақ халқының дәстүрлі ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесіндегі лексика-семантикалық ерекшелігі философиялық терең ой мен дидактикалық мазмұнға, сан алуан экспрессия мен эмоцияға, өсиет-нақыл сөздер мен афоризмдерге, соны тіркестер мен синтаксистік параллелизмдерге аса бай екендігі ғылыми тұрғыдан талдауға түседі.

Қазақ халқының дәстүрлі ән мәтіндеріндегі эмотивті лексика мен лингвокультуремалар, семантикалық әрі стилистикалық реңктік мағына үстейтін коннотациялар нақты мысалдар негізінде сараланады. Ән мәтніндегі әуен мен сөздің үйлесімділігін құрайтын ырғақ, бунақ, шумақ, ұйқас, тембр, интонация, бейнелі көркем образ тудыратын метафора, теңеу, эпитет, параллелизм, символ, кейіптеу сияқты көріктеу құралдарының функциональдық қызметіне талдау жасалады.

Түйін сөздер: дәстүрлі әндер, ән мәтіні, лингвомәдени бейне, мағына, мазмұн, әуен, саз, ұйқас, лирикалық әндер, поэтикалық сөз қолданыс.

K.K. Kurkebaev^{1*}, Kh.A. Ordabekova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kenje69@mail.ru

Linguocultural Image of Traditional Kazakh Song Texts

The article deals in detail with the linguocultural image of traditional songs, which are the pearl of the spiritual culture of the Kazakh people.

The contents of the texts of traditional songs of Kazakh people reflect the peculiarities of mentality, ethnic, linguocultural perception of music and folded history of the Great Steppe, the variety of everyday life, social consciousness and world picture.

Traditional Kazakh folk songs are grouped according to the content-structural system as songs born in connection with ancient beliefs, songs born in connection with economy and occupation, household and ritual songs.

Traditional Kazakh songs have a linguistic examination of the lyrics reflecting the brevity of the song.

The lexico-semantic specificity in the linguocultural aspect of the texts of traditional songs of the Kazakh people is the richest in philosophical deep meaning and didactic content, various expressions and emotions, parables-sentences and aphorisms, phrases and syntactic parallelisms.

In the traditional song texts of the Kazakh people on the basis of specific examples the emotive lexicon and linguocultures, connotations carrying semantic and stylistic meaning are differentiated. The functional activity of such pictorial means as rhythm, noise, rhyme, timbre, intonation, metaphor generating the figurative artistic image, comparison, epithet, parallelism, symbolism, personification that make up the harmony of melody and words in a song text is analyzed.

Key words: traditional songs, lyrics, linguocultural image, meaning, content, melody, music, rhyme, lyrical songs, poetic word.

К.К. Куркебаев^{1*}, Х.А. Ордабекова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Университет имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kenje69@mail.ru

Лингвокультурологический образ традиционных казахских песенных текстов

В статье комплексно рассматривается лингвокультурный образ традиционных песен, которые считаются драгоценным сокровищем духовной культуры казахского народа.

Содержание традиционных песенных текстов казахского народа отражает великое музыкальное поле и многослойную историю, разнообразие образа жизни, религиозные, этнические, языковые и культурные особенности восприятия общественного сознания и картины мира.

По содержательно-структурной системе традиционные песни казахского народа группируются как песни, связанные с древними верованиями, песни, связанные с хозяйством и профессией, песни быта и обычая.

Производится лингвистический анализ текстов традиционных казахских песен, который показывает лаконичность мелодии.

Научно проанализировано, что лексико-семантические особенности традиционных песенных текстов казахского народа богаты глубокой философской мыслью и дидактическим содержанием, разнообразными выражениями и эмоциями, пословицами и афоризмами, а также словосочетаниями и синтаксическими параллелизмами.

На основе конкретных примеров выделяются эмотивная лексика и лингвокультурные выражения, смысловые и стилистические цветовые оттенки в традиционных песенных текстах казахского народа. Анализируется функциональная активность таких декоративных средств, как ритм, тон, строфа, рифма, тембр, интонация, создающих зрительный образ, метафора, сравнение, эпитет, параллелизм, символ, сравнение, создающих наглядный художественный образ.

Ключевые слова: народные песни, песенный текст, языковой и культурный образ, смысл, содержание, мелодия, музыка, рифма, лирические песни, поэтическое словоупотребление.

Кіріспе

Халқымыздың ұлттық этномәдени болмысында ән-жыр әлемінің маңызы ерекше. Қазақ халқы өзінің ғасырлар қойнауындағы тарихында ән-жыр мәдениетінің небір ғажайып құндылықтарын қалыптастырды. Ұлы даланың кең байтақ өлкесін жайлаған ата-бабаларымыз табиғат әлемімен ән-жыр және музыка арқылы сырласып өскені белгілі. Ата-бабаларымыздың ғұмырлық салауаты өздерінің тіршілігіне тірек болған жерімен, даласымен, тау-тасымен, өзен-суымен, қоршаған ортасымен тығыз байланысты. Ауасын жұтып, суын ішіп өздеріне қажетті нәрселердің бәрін қоршаған ортадан, табиғаттан алады. Ұлы дала әр адамды мәңгі жыр бесігіне бөлеп, әлдиін бойына сіңіртіп, әр перзентіне сезімтал жүрек берген. Арқа, Көкшетау, Жетісу, Баянауыл сынды қасиетті мекен Ақан, Біржан, Естай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса сынды қайталанбас классик сазгерлерді дүниеге әкелгені де қазақ тарихынан белгілі.

Қазақ әндері тек әсем әуенімен ғана емес, философиялық ой тереңдігімен, үнемі дидактикалық мәселелермен үндесуімен де ерекшеленеді. Қазақ әндерінің қай жанрын

алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы ізгілік пен мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды да сабырлы мінезге, ақылдылық пен парасатқа насихаттап отырады. Сонымен бірге қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық ой-сана көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығы мен дүниетанымын көрсетеді.

Қоғамдық қатынастың өркендеуіне орай ұлттық сана да жаңғырып, ұлттық болмысты тануға деген талпыныстар арта түседі. Әр тілдің өзіне тән табиғаты мен болмысы, этностың ұжымдық санасы мен діліндегі ерекшеліктер саралана келе кешенді мәдениет ұғымының аялық өрісінде көрініс береді.

Мәдениет – жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі ұғым. Мәдениетті жасайтын және оны тұтынатын – адам. Сондықтан мәдениет, ең алдымен, адамның рухани және материалдық әлемі ретінде саналады. Өйткені мәдениеттің қандай түрі болмасын онда адамның ақыл-ойы, парасаты, наным-сенімі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы заттан-

дырылып, материалдық және рухани игіліктер негізінде таңбланады.

Зерттеу материалы және әдістері

Дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесін зерделеуде музыкалық дискурс пен лингвомәдениеттануға арналған ғылыми зерттеу еңбектердің теориялық қағидаттары мен әдіс-тәсілдері негізге алынды. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жоба жинағының материалдары, А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты музыкалық-этнографиялық жинағы, қазақ музыкасының танымал тұлғалары Л.Хамиди, А.Жұбанов, М.Төлебаев, М.Ахметова, Б.Уахатов, А.Сейдімбек, О.Асқар, ғылыми зерттеулері, қазақ музыкасының тарихына арналған Т.Қоңыратбайдың, қазақтың әншілік дәстүрне арналған Ә.Нұғыманованың, З.Қоспақовтың, дәстүрлі әндердің стильдік ерекшеліктеріне арналған Г.Сапарбаеваның, ән мәтіндерінің когнитивтік, коммуникативтік, стилистикалық аспектісіне арналған О.С.Кострюкованың, ән мәтіндеріндегі нормалық ауытқушылықтарға арналған А.Н.Полежаеваның зерттеу материалдары пайдаланылды. Ән мәтіндеріне талдау жасауда лингвостилистикалық, функционалдық-семантикалық талдау әдістері, жинақтау, тұжырым жасау, тарихи-генетикалық талдау әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Тіл білімінің қазіргі даму тенденциясында антропологиялық бағыттағы зерттеулердің ықпалы өте үлкен деуге болады. Ол тіл мен адамды байланыстыратын біртұтас теория құруға бағытталған. Осының нәтижесінде адамның тілге ықпал ету мәселесі, яғни «тілдегі адам факторы» алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл жөнінде В. Маслова былай дейді: «Антропология – адамның мінез-құлқын, адамның элеуметтік-мәдени қарым-қатынастар жүйесіндегі нормаларын, тыйымдарды, табулардың қалыптасуын, мәдениеттің жыныстық диморфизмге әсер етуін, мәдени құбылыс ретіндегі махаббатты, мәдени құбылыс ретіндегі мифологияны және тағы басқа мәселелерді зерттейтін ғылымдардың бірі» [В. Маслова, 2004:13].

Қазақ мәдениетіндегі ән мен күй, жыр мәтіндері халқымыздың лингвомәдени болмысын, жүрек иірімін, жан жүйесі мен рухани дүниесін көрсететін бірден бір ұлттық

этномәдени құндылықтар қатарына жатады. Ұлттың тарихи санасында сақталып, жинақталған мол этномәдени ақпараттар қоры лингвомәдениеттану ғылымымен етене тығыз сабақтастықта қарастырылады. Өйткені адам тілдік әрекетарқылы лингвомәдени ақпараттарды таратады және қабылдайды. Осы қызметтегі тілдік бөлшектер лингвомәдениеттануда символдық, эталондық, образды-метафоралық, коннотациялық мағыналарын қалыптастырады.

Лингвомәдениеттануды қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар қатарында қарастырған тілші-ғалым А. Әмірбекова оның зерттеу нысанын былай анықтайды: «Лингвомәдениеттану бір жағынан тілдегі адами (мәдени) факторға негізделсе, екінші жағынан тілдік факторды нысана етеді. Дүниені әр қырынан тану, түсіну, дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әр ұлтта, әр этноста әртүрлі интерпретацияда жүреді. Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған лингвомәдениеттану саласы сөздік құрамдағы заттық және рухани мәдениет атауларының ұлттық ерекшеліктерін, лингвомәдени бірліктердің қарапайым ауызекі тілде қолданылуын, көркем шығармаларда, лиро-эпос жырларында сақталуын, фразеологизм бойында тұрақталуын өзге тілдегі ұқсас баламаларымен салғастыра отырып синхронды немесе диахронды тұрғыдан зерттейді» [А.Әмірбекова, 2011: 13].

Халқымыздың рухани мәдениетінің қазыналы көрсеткіші ретінде тұрақталған дәстүрлі ән-жырлардың мән-мазмұнын зерттеу – лингвомәдениеттану ғылымының негізі бағыттарының бірі бола алады. Жалпы лингвомәдениеттану – мәдениет пен тіл бірліктерінің жиынтығын танып, жүйелі түрде қарастырумен қатар тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін де этнос тарихымен, болмысымен, мәдениетімен тұтастықта зерделейді.

В.Н. Телияның пікірінше, лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара синхронды әрекетін, тілдік құбылыстағы коммуникативтік тілдік әрекеттердің ұлттық танымға қатысын зерттейді [В.Телия, 1996: 23] десе, В.Б. Колосова: «мәдениет дегеніміз – бір ақпаратты түрлі дәрежеде сақтайтын код» ретінде тұжырымдайды [В.Колосова, 2003: 18].

Лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу тұрғысынан алғанда тіл мен мәдениет белгілі бір тайпаның немесе этностың ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық этномәдени қазыналарын өн бойына жинақтап, сақтап, оны

келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыруы оның негізгі қызметтерінің бірі екенін бағамдауға болады. Мәдениет те тіл сияқты, адамның дүниетанымын бейнелейтін сананың негізгі формаларының бірі болғандықтан, антропоэзектік бағыттағы бұл зерттеулердің барысы тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасын лингвомәдени аспектіден дәйектеуге бетбұрыс жасап отыр.

Қазақстанда салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдениеттанудың негізін салған З.Қ. Ахметжанова қазақ мәдениетінің өзекті концептілерін тілдік бейненің негізі деп анықтайды: «Лингвомәдениеттану – этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп, келешекке танытатын, тілдік деректер арқылы ұлттық болмысты танытатын, этнолингвистика пәнімен ағайындас, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән» [З. Ахметжанова, 2009:175-179].

Сонымен қатар ән мәтіндерін (музыкалық дискурсты) зерттеу пәнаралық мәселе деп айта аламыз, өйткені әлеуметтік, лингвистикалық, психологиялық, мәдениет, дүниетанымдық, ритуалдық, техникалық, тарихи және музыкалық аспектілерді ескермей жан-жақты қарастыру мүмкін емес (Tagg 2003:74, Roy 2010:15). Демек, әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігі оның лингвомәдени бейнесі арқылы көрініс табады. Жалпы қазақ ән өнерінің жанрлық ерекшелігі сол дәуірдегі тарихи жағдаятқа, әлеуметтік-экономикалық күш қуатқа, моральдық-этикалық нормалар мен күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі қарым-қатынасқа байланысты туындаған.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының дәстүрлі әндерінің лингвомәдени мазмұнынан тек қана ән салу, көңіл көтеруді ғана емес өзге де толып жатқан асыл қасиеттерді аңғаруымызға болады. Ән – өнер туындысы. Ән – адамның көңіл – күйі, тебіренісі мен толғанысы, қуанышы мен жұбанышы. Ән – табиғат суреттемесі. Ән – халықтың көркем

ой – санасы, көркем тарихы. Ән – өмір айнасы. Демек, қоршаған ортадағы бізге әсер ететін дүние бейнесінің дерлік мол қабаты дәстүрлі қазақ әндерінің лингвомәдени болмысынан жан-жақты көрініс табатын сарқылмас қазынасы.

Тілдік ұжым мүшелерінің когнитивтік санасындағы білім жүйесі құрылымдық тұрғыдан *қоршаған орта туралы білім, тілдік білім, бейвербалды білім* болып бөлінеді. Қоршаған орта туралы білімді кең және тар мағынада түсінуге болады. Тар мағынада бұл ұғым *аялық білім жүйесі* ретінде түсініледі. Аялық білім жүйесі – индивидтің материалдық және рухани құндылықтарды меңгеруінің нәтижесі. Тілдік білім «сөйлеушінің (жазушының) тілдік күзреті» деген ұғымға ие. Белгілі бір тілді тұтынушы тілдік таңбалардың мағынасын жақсы білуге, тілдік бірліктерді бір-бірімен байланыстырып, санадағы ұғымдық мазмұнды дұрыс жеткізе алуы тиіс.

Тілдік таңбалардың сөйлеу әрекетіндегі мән-мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – тілдік коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі. Тыңдаушының коммуникативтік құзыреттілігіне тек айтылған сөздің мәнін ұғынуы ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің интонациясын, аялық білімін, тағы басқа нәрселерді салыстыра отырып пікір алысушылардың коммуникативтік мақсатын зерделеуін де жатқызуға болады.

Пікір алысушылардың тілдік біліммен қатар аялық білім жүйесін меңгеру қажеттілігі қазіргі таңда «тілдік қатынастың негізі саналатын – адресат пен адресанттың ақиқат шындықты ортақ ұғымда, орайлас мағынада қабылдайтындығы» негізге алынуда. Осы мәселеге қатысты Э. Сепир: «Тіл ғылымымен айналысушы ғалымдар тілді тек ішкі құрылымдық жүйеде ғана емес, сонымен қатар тілден тысқары тұрған түрлі антропологиялық, әлеуметтік және психоллингвистикалық мәселелермен байланыста қарастыруы керек» деген болатын [E.Sapir, David G. Mandelbaum, 2021:87]. Тілдік коммуникацияда аялық білім жүйесін ескеру қажеттілігі туралы А. Мейе «қандай да бір тілде сөйлеуші халықтың өмір сүру жағдайларын білмей тұрып, тіл жүйесін түсіну мүмкін емес» дегенді айтқан еді [A.Meilet, 1996:622]. Айталық, «сау бол» деген сөз мағынасының осы бірліктің қандай жағдайда, қандай ортада, қоштасудың қаншалықты уақытқа созылатындығы, қандай адамдарға қарата айтылатындығы, қандай ишарат түрімен сәйкесетіндігі туралы арнау-

лы ақпараттың болмауы салыстырмалы түрде алғанда пайдасыз екендігі сөз етеді.

Мақалада талданатын қазақ ән мәтіндері «Қазақ музыкасының антологиясы» әндер жинағынан, А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты музыкалық-этнографиялық еңбегінен, А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі», Т.Қоңыратбайдың «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен фольклоры», Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» сияқты еңбектер мен дерекқор материалдарынан алынды.

Аталмыш зерттеушілердің еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі ән-жырлары мазмұндық-құрылымдық жүйесіне сәйкес төмендегідей тотарға жіктеледі:

а) *Халықтың ескілікті наным-сенімімен байланысты туған әндер (бақсылар сарыны, бәдік, арбау әндері)*

ә) *Тұрмыстық-шаруашылығы мен кәсібіне байланысты туған әндер (төрт түлік мал мен аңшылық әндер, наурыз әндері)*

б) *Тұрмыс-салт әндері (тойбастар, жар-жар, беташар, сыңсу, естірту, көңіл айту, жоқтау)*

Халықтың ескілікті наным-сенімінен туған әндердің мән-мазмұнында тылсым табиғаттың үрейлі құбылыстарының бәрін тәңірге санап, күнге, бұлтқа, желге табынушылық сарындары кең етек алады. Жаратылыс дүниесінің толып жатқан құпия сырларына табыну, табиғат құбылыстарының дүлей күшінен қорқып, соған еріксіз сыйынып, жалбарынудан туған әндер тобына бақсылар сарыны, бәдік, арбау әндері жатады. Осындай наным-сенімінен туған әндердің бір түрі – бақсылар сарыны. Бақсылар сарынының негізгі мақсаты – түрлі ауруларды емдеу. Бақсы, жын, пері, албасты басты делінетін ауруларды қобыз арқылы емдеу. Бақсы сарынының үлгісі ретінде Шұңқыр бақсының айтқан сарынынан мысал келтірейік.

*Үзеңісі үзбе алтын, оу, үзіне шапқан, жайсаң қыз,
Әу, Ей! У, гай, ау, гай, ау, ой, у, гай, у, гай – ай.*

Қазақтың емшілік кәсібінен туған бәдік әндерінің өз заманы үшін өмірлік философиялық мәнімен қатар кешенді лингвистикалық, этномәдени қасиетіне назар аударған жөн. Мәселен, ән-жыр мәтінін лингвистикалық тұрғыдан талдауға академик В.Виноградов айырықша мән берді: «Лингвистикалық талдаудың өзіндік дара ерекшелігі мен құндылығы мынада: ол тексті мұқият әрі жан-жақты түсіндіруден басталады да, оны сол өзіне тұстас заманның

мәдениеті, қоғамдық тұрмысы, әдеби өнері, әлеуметтік міндеттерімен бір контексте жарылап көрсетеді» (В.Виноградов, 1963: 186-187).

Қазақ халқының ежелгі ән шығармашылығындағы көне жанрдың бірі – еңбек жырлары. Халқымздың негізгі өмірлік салауаты мал шаруашылығы болғандықтан ән қоржынын төрт түлік малға байланысты туындылар да толықтырып отырған. Түркілік дүниетанымнан бастау алатын халқымыздың байырғы тілдік санасында әрбір төрт түлік малдың өзінше әулие иесі, бабалары бар деген мифологиялық түсінік болғаны белгілі. Өйткені мал жөнінде қандай тілек тілесе де, малға өз бағасын берсе де әуелі малдың «иелеріне» сыйынып сөз бастаған. Мысалы:

*Шаруаның бір түлік пірі – Шопан,
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.
Ай мүйізді шоқпақтай
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойдан бер... –*

деп, қой иесін – Шопан ата, жылқы иесін – Жылқышы ата, түйенің пірін – Ойсыл қара, сиыр пірін – Зеңгі баба атаған. Оларға бас иіп, ән-жырға қосқан. Мал иесін құрметтеу, мал пірлеріне жалбарыну, сыйынудан басқа еңбек жырларында малды күтіп, баптау жөнінде ақыл-кеңес беретін әндердің семантикалық шеңбері мен функционалдық қолданысы сан алуан.

Қазақ халқының дәстүрлі ән-жырларының бір бөлігін отбасылық құндылықтар мен жас буынның өсіп-өркендеуіне, мақсат-мұратына жетуіне, арманы мен мұңына ортақтаса білуге арналған жыр үлгілері құрайды. Лингвомәдени болмысы мен мазмұны этностық салт-дәстүр мен ырым-жоралғыға, әдет-ғұрыпқа толы мұндай ән-жырларға *тойбастар, беташар, жар-жар, сыңсу, қоштасу, жұбату* үлгілерін жатқызумызға болады. Мұндай әндердің ішкі семантикалық лингвомәдени мазмұнында этникалық мәдениет пен үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, моральдық этикалық қағидаттар мен ұрпақ сабақтастығының ақыл-ой парасаты көрініс береді. Мәселен, халықтың педагогикалық шарттары мен талаптары «Беташар» жырының мағыналық шеңберінде анық байқалады.

*Айт келін, айт келін!
Атың басын тарт келін!
Жұмыртқадан ақ келін!
Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама келіншек!*

Өзің жатып, байынды,
Тұр-тұрлама, келіншек!

Яғни беташар жырының толық мазмұнында жаңа түскен келіннің атқаратын қызметі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, аналық борышы сияқты лингвомәдениеттанымдық мәселелер қозғалады. Зерттеуші Б.Уахатов: «Беташардың» сюжеттік құрылысынан байқалатын бір ерекшелігі – оның әзіл-оспақ, күлкіге құрылуында. Бұл, көбінесе, жиналған жұрттың көңілін көтеріп күлдіру, жадырату мақсатымен айтылады. ...Әңгіме алдымен қалыңдық жайында, соның жастық көркі, сұлу пішіні, сыпайы мінезі туралы болады. Әсіресе «Беташар» өлеңдерінде жаңа түскен жас келіннің көркін бейнелеуге ерекше мән беріледі» (Б.Уахатов, 1974: 211-212), – дейді.

Академик М. Әуезов: «Беташарда» жеңіл күлкі, қалжың сияқты сөздің араласып келетін де жері бар. Шын сөз, шын өсиетті айтумен бірге, қалжыңға ұқсас қылып, салақ, олақ, ретсіз әйелдің күлкілі мінездері де көрсетіледі» (М.Әуезов, 2001: 54), – дей келіп, кейде «Беташар» әзіл-күлкіге құрылғанмен де, тағылымдық мәні, тәрбиелік мәні бірінші кезекте болатынын айтады.

Лингвомәдени болмыс пен сөздің коннотациялық жұмсалыуына орай қазақтың ән-жыр мәтіндері прозалық тіл мен күнделікті сөйлеу тілінен өзіндік мазмұндық-құрылымдық жүйесі тұрғысынан ерекшеленеді. Осыған орай лингвопоэтикалық сөз қолданысқа ұласып барлық элементтер эстетикалық жақтан жүйеленеді, көркем мәнге, белгілі бір көркем образдық міндетке бағынады. Сол себепті дәстүрлі ән мәтіндерінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі әдеби тіл нормасының заңдылықтарын сақтай отырып, поэзия тіліне тән ұйқас, ырғақ, әуен, образ, инверсиялық құбылыстарды бойына сіңіріп жаңаша формадағы өзгерістерге бейімделіп отыруды талап етеді. Бұл туралы Я. Мухаржовский: «Олай болса, поэзия өзінің алдында тұрған міндетті шынайы орындауды көздейтін болса, ешқандай сараптамадан, әдеби тіл нормасының деформацияға ұшырауынан қорықпауы тиіс, керісінше тіл қолданысының зор мүмкіндігін пайдалана отырып мүлдем жаңа қырынан көрсетуге болады», – деп көрсетеді (Я.Мухаржовский, 1967:14).

Қазақ халқының дәстүрлі ән әлеміндегі қоржынына аса бай ұлттық қазыналарының қатарынан саналатын созылмалы әндерді жатқызуға болады. Бұл әндердің жиынтығына таңғажайып хикаяларды суреттейтін ертегілік

әндерді, белгілі бір тарихи оқиғаларға негізделген тарихи әндерді және адамның ішкі рухани жан дүниесі мен сезімін білдіретін, табиғаттың әсем көрінісін көркем тілмен бейнелейтін лирикалық әндерді топтастыруға болады. Мазмұндық-құрылымдық жүйесіне сәйкес бұл әндердің көркемдік қуаты әртүрлі болатыны сөзсіз.

Көркемдік пен сүйіспеншілік сезімге толы лирикалық әндер туралы ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ халқының терең сүйіспеншілік сезімге құрылған лирикалық әндері өзінің көркемдік келбеті, әуездік құрылысы мен жырлаған тақырыбы жағынан аса қомақты. Олардың арғы дәуірлерден келе жатқан үлгілері де жоқ емес. Мұндай әндердің әуен-сазы әдетте қысқа, өлең шумағы да ықшам, қос жолдық болып отырады. Сонымен қатар қара өлең өлшеуіне құрылған үлгілері де баршылық. Лирикалық әндердің басты ерекшелігі – адамның жеке басына байланысты сүйіспеншілік сезімге негізделуі. Сол себепті олардың туған кезеңін дөп басып айту қиын. Әннің мазмұны бірде ашық та айқын болса, бірде астарлы ойға құрылған», – деп атап көрсетеді (Б.Қоңыратбаев, 2011: 23).

Қазақ халқының дәстүрлі ән-жырлары дәстүрлі-поэтикалық лексикасының тұрақтылығымен, халықтың лингвомәдени жадында бекітілген бейтарап сөз орамдарының қолданылуымен де ерекшеленеді:

Айналайын көзіңнен күлімдеген,
Басқан ізің ешкімге білінбеген, замандас,
Кездескенде есіңе алып амандас
(«Замандас»).

Сонымен қатар дәстүрлі қазақ әндерін бейнелі образды көрсетуде әрі семантикалық, әрі стилистикалық реңктік мағына үстейтін коннотацияның да рөлі күшті. В. Говердовский: «Коннотация – тілдің жаны. Егер денотацияны тілдің рационалды мазмұны дейтін болсақ, коннотация – эмоционалды мазмұны. Рационалды мазмұн **санада** болса, эмоционалды мазмұны **сезімде** көрініс табады. Деннотативті қарым-қатынаста сөйлеушілер санамен жақындасатын болса, коннотативті деңгейде жан бір-бірімен қосылады», – дейді (В.Говердовский, 1989: 86).

Қазақтың дәстүрлі ән мәтіндерінде өмірдің өткіншілігі, жалғандығы туралы этномәдени дүниетанымдық ақпаратпен қатар семантикалық-стилистикалық реңк мағына үстеуші коннотациялық жыр жолдарының көптеп кездесетінін ән мәтіндерінен аңғаруымызға болады:

Аха-хау, жалған,
Жиырма бес қайта айналып,
дүние-ау, келмес саған
(«Жиырма бес»).

Өлең деген немене білген құлға, угай-ай,
Ақ теңгесін кім қимас алар пұлға, угай-ай.
Оралыңның барында ойна да күл, угай-ай,
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға, угай-ай.
(«Угай-угай»).

Ән мәтінінде ұйқас құрауға негізгі ұйтқы болған «угай-ай» сынды көңіл-күй одағайы мен күшейткіш мәнді демеулік шылаудың семантикалық, әрі стилистикалық коннотациясының қайталануы арқылы жастық шақтың зымырап өте шығатыны, өмірдің уақытша екені, жас кезде ойнап-күлудің маңыздылығы жөніндегі дерексіз ойдың терең астары мен тұспалы дәстүрлі халық әнінің форматы арқылы беріген.

Қазақ халқының дәстүрлі ән-жырларында «жақсылық пен жамандық», «ақ пен қара», «жомарттық пен сараңдық» сияқты антитезалық құбылыстар өзара салыстырылып, тыңдаушының логикалық ізденісіне түрткі болады.

Қайғысыз қара жүрек зарламайды
Екі дос бірін-бірі алдамайды.
Қара тас ұйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты таңдамайды.
(Жиырма бес)

Алды-артын ойлайтын ер-азамат
Дүниеге мастанып отырмайды.
(Абай көк)

Ән мәтінінде қайғысыздық пен зарлау, қара тас пен мамық, алды мен арты контекстік поэтиканың үйлестіруі арқылы әрі антонимдік әрі полисемиялық тұтастыққа ие болған. Сонымен қатар ұзақ уақыттан бері этностың сол дәуірдегі тілдік санасында жиі қолданылу арқылы *қайғысыз қара жүрек*, *дүниеге мастану* сияқты фразалық тіркеске ұласқан. Өйткені халық әндеріндегі мұндай тілдік жұмсалымдар мен фразеологизмдердің шығу арналарының қызметі бір: екеуі де халықтың сан ғасырлық ғұмыр тәжірибесінде түйінделген, нормаланған лингвомәдени тілдік ресурстар.

Тіліміздің лексикалық құрамында мұндай қолданыстардың сақталуын тілдің ақпарат сақтаудағы кумлятивтік қызметімен және ешқашан өзектілігі жойылмайтын мәселелерді арқау етуімен тығыз байланыстыруға болады. Сонымен қатар бұл ән мәтіндеріндегі сөйлем

құрамындағы баяндауыштар ауыспалы осы шақ тұлғасында қолданылған (*зарламайды, алдамайды, таңдамайды, отырмайды*). Тіпті болжалды келер шақ тұлғасындағы «*болар мамық*» тіркесінің құрамындағы баяндауышты да ауыспалы осы шақ тұлғасына (*мамық болады*) келтіруге болады. Қолданылған контекстің мәні – болжалдықты білдіру емес, ақиқат болмыс, шынайы көрініс екенін білдіруді меңзейді. *Қара тас ұйқың келсе болар мамық* немесе *Қайғысыз қара жүрек зарламайды* деген өлең жолдарындағы (бір шумақтың 1, 3-жолдарындағы) қара сөзінің қайталанып берілуі, жүрек сөзін айшықтау үшін *қайғысыз қара* сөз тіркесінің **эпитет** ретінде үстемелете қолданылуы, *тас*, *мамық* сөздерін қатыстыра отырып, контекстік антоним жасауы сөз мағынасын құбылтудың тиімді тетігі арқылы бейнелі образ жасауға ұйтқы болып тұр.

Жалпы қазақ халқының дәстүрлі әндері мәдени, стильдік, символдық, бейнелік, эмоционалды-экспрессивтік компоненттерден құр алақан емес. Халық әндерінің лингвомәдени және дүниетанымдық болмысында жалпы адамзат үшін ерекше маңызды саналатын «Өмір», «Ғашықтық», «Туған жер», «Жастық» сияқты ұғымдар мен түсініктерде концептілік деңгейде көрініс тапқан. Дәстүрлі әндердегі «өмір» концептісі:

Жиырма бес, қош, аман бол, қайтып келмес,
Жастықты ойламаған қолға бермес.
Қасыңда қатын, балаң күл күзетіп,
Кәрілік ауру болды қолдан келмес.

Жиырма бес тотыдайын толғайтұғын,
Қызыққа ертенді-кеш тоймайтұғын.
Өң тозып суалтты ғой, бар тамырды,
Үміт жоқ жастық шақты ойлайтұғын.

Бұл концептіде өмірдің өткінші екені, жастықтың қайта айналып келмейтіні, ғаламның баянсыздығы, кәріліктің тауқымет-азабы жастықпен салыстырыла отырып, өзара қарсы қойылып антитезалық модель негізінде бейнеленеді. Көркем мәтіндегі поэтикалық сөз қолданыс қағидатына сәйкес *жастықшақ* ұғымы семантикалық конверсия тәсілі арқылы *жиырма бес* сан есімімен бейнеленді. Ән мәтіндеріндегі мұндай үрдістер тек қана халық әндерінде ғана емес, мақал-мәтелдер мен перифраздарды, синтагмалық соны тіркестер құрылымында жиі ұшырасады. Дәстүрлі әндердің музыкалық құндылығы мен жасампаздығы халықтың санасында және лингвомәдени кодында түбегейлі орныққан.

Дәстүрлі қазақ әндерінің өзіндік ерекшелігінің бірі ретінде ән әуенінің өлең жолынан қысқалығында назар аударуға тұрарлық.

Айналайын атыңнан, алтыным-ай,
Ақ жүзінді көргенде балқыдым-ай.
Шилі өзен қамыс-ай,
Бізді ойлай жүр, таныс-ай, -

деген жолдармен ән әуені толық аяқталады. Мұндағы алғашқы екі бунақ ән мәтінінің бірінші жолын құрайды. Ән мәтініндегі «алтыным-ай» және «балқыдым-ай» лексемалары бір-бірімен ұйқастық үйлесім тауып, екінші жолдың соңғы бунағына келіп тыныстайды және әннің қайырмасына ұласып барып тоқталады. Ән мәтіні музыкалық үйлесімділікке сәйкес біркелкі ырғақпен орындалады. Ән мәтінінің лингвомәдени және дүниетанымдық мазмұны сұлу жардың көркем келбетін образды бейнелі эмоциялық нақышта поэтикалық тіл ресурстарымен шебер сомдалған.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы сөздің дұрыстығы, тілдің көрнекілігі мен пернелігіне байланысты: «Тіл көрнекі болу үшін, дерексіз нәрсе, деректі нәрседей, жансыз нәрсе, жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек», – деп тұжырымдаған екен (А.Байтұрсынов, 1991: 353).

Бұл орайда қазақтың халық әндерінде жансыз затты жанды затқа, дерексіз ұғымды деректі ұғымға балап сөздің синтаксистік шарты мағынасы арқылы түрлендірудің сан алуан тәсілдерін аңғаруымызға болады. Мысалы,

Аспанда ай болмаса адасады,
Көңілді көтермесе кір басады, –

деген өлең жолдарын талдап көрсек. Шынтуайтында, тура мағынасында кір басу – қолға ұстауға болатын, көзбен көруге болатын нақты, деректі зат. Ал ән мәтініндегі дерексіз *көңіл* лексемасын *кір басады* деу арқылы дерексіз затты деректі заттың орнына ауыспалы мағынада жұмсаған. *Көңілді көтермесе кір басады* деген сөйлем алдыңғы жолдағы *Аспанда ай болмаса адасады* деген құрылыммен қатар қолданылу арқылы психологиялық параллелизм түзген. Яғни, аспанда ай болмаса, қараңғы болып, адамдардың адасып кететіні сияқты бір уақыт көңілді көтеріп тұрмаса, ол да қара түске боялып кірлейді, кір басады мәнінде шебер суреттелген. Бұл құрылым этностың тілдік санасына әбден сіңісіп, нәтижесінде мақал-мәтелге

ұқсас, лингвомәдени мазмұнға бай ғұмырлық философиялық мәні бар тілдік стандарттық бірлікке айналған.

Сөз жеке тұрғанда зат пен құбылыстың, қимылдың ұғымдық мазмұнын бейнелесе, сөйлеу әрекетінде функциональдық қызметке ие. Яғни сөз функциональдық әрекетте динамикалық қызметке ұласып сөйлеу ортасына, категориялық жағдаятқа, мәнмәтін міндетіне, айтылуға тиісті ақпараттың сөйлеу мақсатына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Қазақтың дәстүрлі ән мәтіндерінде де сөздің семантикалық және функциональдық қызметі бірге өріле келе, әуен мен сөзді үйлестіре отырып поэтикалық көркем образ тудыратын троптар мен фигуралар арқылы тыңдарманның сезімі мен эмоциясына прагматикалық әсер етуді мақсат етеді.

*Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.
Күн мен айын басқаның мен қайтейін,
Тал шыбықтай солқылдап сен тұрғанда, -*

деген өлең шумақтарында бұрынғы өткен шақтың – *ған* тұлғасы мен жатыс септігінің – *да* тұлғасы қара өлең ұйқасын құрауға ұйтқы болса, сөздің функциональдық динамикалық қызметі арқылы ауылды, биік ағашты, күн мен айдың сұлулығын кешенді ән мәтінінде логикалық тұрғыдан үйлестіре отырып **тенеу** жасауда аса белсенді қолданылатын – *тай, -тей* тұлғасы арқылы жас қызды, ғашығын тал шыбыққа теңеп, салыстыру нәтижесінде көріктеу құралының көмегімен лингвопоэтикалық образ жасайды.

Қазақтың дәстүрлі әндерінің лингвомәдени бейнесін ашуда метафораның рөлі зор. Тіл білімінде метафораның *тілдік метафора, поэтикалық метафора, окказионалды метафора* сияқты түрлері көрсетіліп жүр. Ән мәтіндерінде поэтикалық метафораның функциональдық қызметі айтушы мен тыңдаушының коммуникативтік ниеті мен сөйлеу мүмкіндігі арқылы сөйлеу актісі негізінде функциональдық нәтижеге ұласады. Яғни, метафора сөз мағынасын құбылтудың әрі көркем, әрі бейнелі тәсілі болумен қатар кешенді жұмсалымдық қызыметке де ие көріктеу құралы.

Көзіңнен айналайын, қарақтарым,
Секілді ақ казина тамақтарын.
*Болғанда сіз – бір лашын, біз – бір сұңқар,
Білмеймін қай жеріңе қонақтарын.*

Бұл ән мәтіндегі сөз мағынасының құбылуы *біз және сіз* жіктеу есімдіктерінің оппозициялық қолданысына *лашын мен сұңқардың* ұқсас белгілерін дәстүрлі тілдік санада ассоциациялай отырып, сөз мағынасын динамикалық актуалдандыру нәтижесінде метафораның контекстік функционалдық қызметі арқылы поэтикалық образ тудырған.

Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған (Ақ сия-ай).

Сөздің динамикалық функциясында бір зат атауын екінші бір зат атауындағы сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастықтарға салыстыру, балау негізінде ауыспалы мағынадағы метафора түзілетіні белгілі. Дәстүрлі тілдік санада құстар әлемінің ең дарынды, әншісі сан алуан әуен мен дыбысты үйлестіретін бұлбұлды сөз өнерінің патшасы тілмен салыстырып балау, мыңдаған өсімдіктер мен гүлдер өсетін адам жанын рахатқа бөлейтін бақшаны көтеріңкі көңіл-күймен, шаттықпен салыстыру, ұқсастыру, ойды тас қорғанмен ассоциациялау арқылы жекелеген лексемалардың функционалдық әлеуеті мен мүмкіндігіне иек артып айтылуға тиісті ой мен сөйленімді метафоралау тәсілдері арқылы жүзеге асырған.

Жалпы метафора әлем бейнесіндегі заттар мен құбылыстарды өзара салыстырады, ұқсастырады ассоциациялайды. Зерттеуші Б.Хасанов: «Метафора – заттар мен құбылыстардың бүтіндей, не бір ғана белгі; форма, қасиет пен қимыл ортақтығына орай, түр, түс, иіс, дыбыс ұқсастығына, құрамына, өз арақатынасына қарай ауыстыру», – деген анықтама береді (Б.Хасанов, 1986: 18). Образ жасап оны нақты эмоционалды мазмұнмен толтыруда, адамның жан тебіренісі мен көңіл толғанысын, жүрек лүпілін бейнелеуде метафораның функционалдық мүмкіндігі зор екендігі белгілі. Айтылған бұл пікірді Дж.Лакофф пен М.Джонсонның «Метафоры, қоторымымы живем» зерттеуінде айтқан ойлары растай түседі: «Біздің өміріміздегі ең маңызды нәрсе – бұл біздің сезіміміз, эстетикалық сезімдеріміз, моральдық тәжірибелеріміз және рухани санамыз. Бұл таза субъективті. Олардың ешқайсысы да таза рационалды немесе объективті болмайды» (Lakoff, Johnson, 2003: 188).

Осыған орай қоршаған ортадағы бір құбылысты екінші бір құбылысқа балап, салыстырып өзара орын ауыстырып қолданғанда пайда болатын метафораның контекстік қолданысына ерекше назар аударған жөн. Сөздің

контекстік қызметіндегі құбылмалығына Б.Моминова: «Қолданыс өрісінің кеңдігі сөздердің семантикалық өрісінің көрсеткіші болып табылады. Олардың семантикалық өрісі мәтін ішінде ашылады. Поэзия тіліндегі сөздерді талдағанда «орфографиялық сөз» нысанға алынбауы керек, сол сөздің қолданыстағы мағыналық ерекшелігі ескерілуі керек», – деп дәйектеме береді (Б.Моминова, 2008: 142).

Қазақтың дәстүрлі ән мәтіндеріндегі стилистикалық, образдық, бейнелілік сөз қолданыстары ауыспалы мағына тудырушы метафораның контекстік қызметі арқылы ашылатынына жоғарыда келтірілген ән мәтіндері нақты дәлел бола алады.

Қорытынды мен тұжырымдар

Қазақ халқының дәстүрлі ән өнері – ұлтымыздың ғасырлар қойнауынан шаң баспай келе жатқан рухани асыл қазынасы және сан алуан жасампаздық қилы тарихынан тіл қатқан тірі куәгері іспетті мұрағат қоры. Күнделікті тұрмысқа, салт-дәстүрге байланысты туған ғұрыптық әндер, қара өлеңінен тартып, елдің аңсар мұратын, қуанышын, қайғысын, жан сезімін өрнектеп, формалық, мазмұндық тұрғыдан кемелденіп, кәсіби тұғырға жеткен дәстүрлі ән өнері ұлттық музыка мәдениетінің алтын дінгегі, ықылымнан бүгінге жеткен сарқылмас қайнар көзі секілді.

Қазақтың дәстүрлі әндерінің лингвомәдени мазмұнында ұлтымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігі мен поэтикалық көркем ойлау жүйесінен мол ақпарат қорын берумен қатар, өскелең ұрпақты әдемі де әсем эстетикалық сезімге бөлейтін әдептілігі мен тәрбиелілігі орныққан ел дәстүрін дәріптейтін этникалық қасиеттерді уызымен бойына сіңірген парасатты да мәдениетті тұлға болуға тәрбиелейтін құндылықтар жүйесі мол сақталған. Бұл құндылықтар астарында ер жігіт қандай болуы керек, сұлу қызға не жарасқан деген тәрбиелік мәні зор кесек дүниелер жатқаны сөзсіз.

Дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесін, этнографиялық болмысын саралай келе мынадай қорытынды мен тұжырым шығаруға болады:

- Қазақтың дәстүрлі әндерінің лингвомәдени мазмұнында ұлтымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігі мен поэтикалық көркем ойлау жүйесінен мол ақпарат қорын берумен қатар, өскелең ұрпақты әдемі де әсем эстетикалық сезімге бөлейтін әдептілігі мен тәрбиелілігі

орныққан ел дәстүрін дәріптейтін этникалық қасиеттерді уызымен бойына сіңірген парасатты да мәдениетті тұлға болуға тәрбиелейтін этномәдени және лингвомәдени құндылықтар жүйесінің кешенді семантика-парадигамалық өрісі айқындалды;

-Қазақәнмәтіндерініңлингвомәденибейнесін сипаттуғабайланыстылингвомәдениеттанымдық бағыттағы З.Қ. Ахметжанова, Ж.Манкеева, А.Әмірбекова, В.Маслова, Н.Телия, В.Колосова зерттеулері мен тұжырымдарына, музыкалық дискурс пен қазақтың дәстүрлі ән өнерінің ішкі этнографиялық табиғаты мен болмысына, жіктелуіне, жанрына, тарихына, сөз бен әуеннің үйлесімділігіне арналған А.В.Затаевичтің, Л.Хамидидің, А.Жұбановтың, М.Төлебаевтың Т.Қоңыратбайдың, Б.Уахатовтың, А.Сейдімбектің, О.Асқардың, М.Ахметованың, Ә.Нұғыманованың, З.Қоспақовтың, Г.Сапарбаеваның, О.С.Кострюкованың, А.Н.Полежаеваның зерттеулері мен ғылыми сараптамалары басшылыққа алынып еңбектеріне шолу жасалды.

- Қазақ халқының дәстүрлі ән-жырларының мазмұндық-құрылымдық жүйесіне сәйкес классификациялары сараланып, *бақсылар сарыны, бәдік, арбау әндері, еңбек жырлары, тойбастар, беташар, жар-жар, сыңсу, қоштасу* сияқты салт-дәстүр мен әдет-ғұрып ән мәтіндеріне нақты мысалдар негізінде талдау жасалды;

- Дерексіз терең ойдың астары мен тұспалы дәстүрлі халық әнінің стилистикалық реңк мағына үстеуші коннотация қызметі мен форматы арқылы эмоционалды мазмұн беретіні ғылыми тұжырымдар негізінде дәйектелді;

- Қазақтың дәстүрлі ән мәтіндерінде сөздің семантикалық және функциональдық қызметі бірге өріле келе, әуен мен сөзді үйлестіре отырып поэтикалық көркем образ тудыратын троптар мен фигуралар арқылы тыңдарманның сезімі мен эмоциясына прагматикалық әсер етуді мақсат ететіндігі айқындалды;

- Сөз мағынасын құбылтуда контекстік антоним мен полисемия, сөйлеудің актуальдығы, тіркесімділік, мәнмәтіндік орта сияқты кешенді семантикалық категориялардың функциональдығымен жасалған ән мәтіндеріндегі эпитет (*қара жүрек*), персонификация, параллелизм (*ай-көңіл-кір*), теңеу (*тал шыбықтай*) сияқты көріктеу құралдарына нақты мысалдар негізінде сараптама жасалды;

- Қазақтың дәстүрлі әндерінің лингвомәдени бейнесін ашуда поэтикалық метафораның функциональдық қызметі айтушы мен тыңдаушының коммуникативтік ниеті мен сөйлеу мүмкіндігі арқылы мәнмәтіндік сөйлеу әкiсi негізінде семантикалық функциональдық нәтижеге ұласатыны нақты ән мәтіндері негізінде талданып көрсетілді

Әдебиеттер

- Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М.: Тетра Системс, 2004. – 255 с.
- Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
- Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
- Колосова В.Б. Лексика и символика народной ботаники восточных славян (на общеславянском фоне). Этнолингвистический аспект: автореф. дис. канд. филол. наук. – М., 2003.
- Ахметжанова З.К. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой культуры мира // Этнос және тіл. Академик Ә. Қайдардың 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конф. мат. – Алматы, 2009.
- Roy, William G. *Reds, whites and blues: Social movements, folk music, and race in the United States*. Princeton: Princeton University Press, 2010.
- Tagg, Philip. *Analyzing popular music: Theory, method and practice*. Cambridge, New York: Cambridge University Press, 2003 pp. 16-38.
- Sapir Edward, David G. Mandelbaum (Editor) // *Selected Writings of Edward Sapir in Language, Culture and Personality*. – America: University of California Press, 2021. – 642 p.
- Pierre Swiggers, «Meillet Antoine» in Harro Stammerjohann (Editor), *Lexicon grammaticorum: Who's Who in the History of World Linguistics*, Tübingen, 1996, pp. 622–624.
- Виноградов В.В. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика*. – Москва: Академия Наук СССР, 1963. – 467 с.
- Уахатов Б. *Қазақтың халық өлеңдері*. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
- Әуезов М. М. *Әуезов шығармаларының елу томдық жинағы*. – Алматы: Ғылым, 2001. Т. 4. – 456 б.
- Мухаржовский Я. *Литературный язык и поэтический язык // Пражский лингвистический кружок*. – М.: Прогресс, 1967. – 560 с.
- Қоңыратбай Ә. *Қазақ музыкасының тарихы*. – Алматы: Дәуір, 2011. – 204 б.
- Говердовский В. *Коонотемная структура слова*. – Харьков: Прогресс, 1989. – С. 94 .

- Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1991. -464 б.
Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1986. – 207 б.
Lakoff G., Johnson M. *General Language and Linguistics, Philosophy of Language: The University of Chicago Press*, 2003. – 256 p.
Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: Арыс, 2008. -256 б.

References

- Amirbekova A. (2011). *Til biliminiń jańa baғыttary* [New directions in modern Kazakh linguistics]. –Almaty. (In Kazakh)
Akhmetzhanova Z.K. (2009). *Iadernye kontsepty kazahskoi kыltыry kak osnova kazahskoi ıazykovoi kыltыry mira* [Concepts of Kazakh culture as the basis of Kazakh language culture of the world]. *Ethnos and language. Academician A. People dedicated to the 85th anniversary of Khaidara. conf. mat.* (In Russian)
Auezov M. (2001). *Áyezov M. Shығarmalarynyń elý tomdyq jınaғы*. [Fifty-seventh meeting of essays M. Auezov]. -Almaty: «Science». – Issue. 4. P. 456 (In Kazakh)
Baitursynov A. (1991). *White Road: poems and translations, articles and research*. -Almaty. 464 p. (In Kazakh)
Govorodovskiy V. (1989). *Koonotemnaıa strýktýra slova* [Koonotemnaya structure of words]. – Kharkov: «Progress». pp. 94-96. (In Russian)
Kolosova V.B. (2003). *Leksika ı simvolika narodnoi botaniki vostochnyh slavıan (na obscheslavıanskom fone)* Vocabulary and symbolism of folk botany of Eastern Slavs. *Ethnolinguistic aspect: Author’s abstract. dis. cand. of filol. sciences*. -Moscow. (In Russian)
Konyratbay A. (2011) *Qazaq mýzykasynyń tarihy* [History of Kazakh music]. -Almaty: Era. P. 204 (In Kazakh)
Khasanov B. (1986). *Qazaq tilinde sózderdiń metaforalyq qoldanylýy* [Metaphorical use of words in the Kazakh language]. -Almaty. P. 207 (In Kazakh)
Lakoff G., Johnson M. (2003). *General Language and Linguistics, Philosophy of Language*. P. 256
Maslova V. A. (2004). *Kognitivnaıa lingvistika* [Cognitive linguistics]. -Moscow. P. 255. (In Russian)
Momynova B. (2008). *Shákárim poeziyasynyń tili leksika-fýnktsionaldy rakýrs* [The language of Shakarim’s poetry lexicofunctional aspect]. -Almaty. P. 256. (In Kazakh)
Muharzhovskiy Ya. (1967). *Literatýrnyı ıazyk ı poeticheskiı ıazyk* [Literary language and poetic language. Prague Linguistic Circle. Digest of articles]. -Moscow: Progress P. 560. (In Russian)
Pierre Swiggers (1996). «Meillet Antoine» in Harro Stammerjohann (Editor). *Lexicon grammaticorum: Who’s Who in the History of World Linguistics*, Tübingen. pp. 622–624.
Sapir Edward, David G. Mandelbaum (2021). *Selected Writings of Edward Sapir in Language, Culture and Personality*. -America. P. 642.
Tagg, Philip (2003). *Analyzing popular music: Theory, method and practice*. New York. pp. 16-38.
Telia V.N. (1996). *Rýsskaıa frazeologıa: Semanticheskıı, pragmaticheskıı ı lingvokýltýrologicheskıı aspekty* [Russian phraseology: semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. -Moscow. 1996. P. 288. (In Russian)
Roy, William G. (2010). *Reds, whites and blues: Social movements, folk music, and race in the United States*.
Vinogradov V.V. (1967). *Stilistika. Teoriıa poeticheskoi rechı. Poetika* [Stylistics. Theory of poetic speech. Poetics]. -Moscow. P. 427. (In Russian)
Wahatov B. (1974) *Qazaqtıń halyq óleńderi* [Kazakh folk songs]. -Almaty. P. 288. (In Kazakh)